



БҰЙРЫҚ

17.05.2019ж

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 92

город Астана

**Дәрілік заттардың тіркеу
куәліктерін кері қайтарып
алу туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 84-бабының 7-тармағына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға тыйым салу, оларды тоқтата тұру, айналыстан алып қою немесе шектеу қағидаларының 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшада көрсетілген тізімге сәйкес дәрілік заттардың тіркеу куәліктері қайтарылып алынсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті осы бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік бір күннің ішінде осы шешім туралы осы бұйрықтың қосымшасында көрсетілген дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеуге өтініш беруші тіркеу куәлігінің иесіне, дәрілік заттарды өндірушіге (оның Қазақстан Республикасының аумағындағы өкіліне), дистрибьюторларға жазбаша хабарласын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – Комитеттің аумақтық бөлімшелері):

1) осы бұйрықты алған сәттен бастап бір жұмыс күн ішінде осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдары мен арнайы баспа басылымдары арқылы облыстардың, республикалық маңыздағы қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, дәрілік заттарды өндірушіге (оның Қазақстан Республикасының аумағындағы өкіліне), дистрибьюторларға, сондай-ақ медициналық және фармацевтикалық қызметтерді жүзеге асыратын

субъектілерге, және күзіреті бойынша басқа да мемлекеттік ұйымдарға жеткізсін;

2) осы бұйрықты алған сәттен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде осы бұйрықтың қосымшасында көрсетілген дәрілік заттарды айналымнан шығаруға қатысты тиісті шаралар жүргізсін және күнтізбелік үш күн ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетіне осы шешімді орындауға қатысты қабылданған шаралар туралы хабарласын.

4. Осы бұйрықтың қосымшасында көрсетілген дәрілік заттарды бар субъектілер ақпаратты алған сәттен бастап күнтізбелік бес күн ішінде орналасқан жері бойынша Комитеттің аумақтық бөлімшесіне осы шешімді орындауға қатысты қабылданған шаралар туралы хабарласын.

5. Тіркеу куәлігінің иелері немесе дистрибьюторлар (келісім бойынша):

1) осы бұйрықтың қосымшасында көрсетілген дәрілік заттардың қалдықтарын жинап алуды және кейіннен оны Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес жоюды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде орналасқан жері бойынша Комитеттің аумақтық бөлімшесіне осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген шаралардың орындалуы туралы хабарласын.

6. Осы бұйрық орындалуының бақылауын өзіме қалдырамын.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: «Гедеон Рихтер» ААҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 195 дәрілік заттардың тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу туралы хаты.

Төрайымның
міндетін атқарушы



Н. Асылбеков

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті
Төрағасы міндетін атқарушының
2019 жылғы 17 мамырдағы
№ 98 бұйрығына қосымша

Дәрілік заттардың тіркеу куәліктерін кері қайтарым алуға тиіс тізбесі

№	Тіркеу куәлігінің нөмірі	Берілген күні	Дәрілік заттың атауы (дәрілік түрі, дозасы)	Ондіруші елі	Тіркеу куәлігінің иесі, елі
1	ҚР-ДЗ-5№016468	14.01.2016 ж.	Нортиван [®] , үлбірлі қабықпен қапталған, 40 мг таблеткалар	ООО Гедеон Рихтер, Польша	ООО Гедеон Рихтер, Венгрия
2	ҚР-ДЗ-5№016469	14.01.2016 ж.	Нортиван [®] , үлбірлі қабықпен қапталған, 80 мг таблеткалар	ООО Гедеон Рихтер, Польша	ООО Гедеон Рихтер, Венгрия
3	ҚР-ДЗ-5№016470	14.01.2016 ж.	Нортиван [®] , үлбірлі қабықпен қапталған, 160 мг таблеткалар	ООО Гедеон Рихтер, Польша	ООО Гедеон Рихтер, Венгрия